

Ә. С. ӘЛМЕТОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СҰХБАТТАСА ТІЛДЕСУ МАЗМҰНЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Қазақ халқы да басқа халықтар сияқты бірімен-бірі сұхбаттасады, тілдеседі. Белгілі бір халықтың тілдесу барысындағы мәдени ерекшелігі соңғы кезде көптеген психо-этнолингвистердің назарын аударып келеді. Кез келген этникалық топтың ұлттық-мәдени ерекшелігі оның тілінде көрініс табады. Тіл сатылмайтын куәгер, ол мәдениетті көрсетіп қана қоймайды, оны сақтайды, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кез келген адам өзі сөйлейтін тілді қалай пайдаланамын десе де еркінде. Алайда тіл әрекетсіз нәрсе емес. Ол — тірі және үздіксіз жұмыс істейтін, сондай-ақ дамып отыратын сала. Ол адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасауын ғана емес, сол арқылы адамды тұлға ретінде қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Адам өз тілінде сөйлеуші ғана емес, сонымен бірге өз тілінің құлы да. Тіл адамға өзіне дейінгі адамдар жасаған тілдің әлемдік картинасы мен әлем мәдениетін үйретеді. Тіл — патша да, құл да. Осындай мол қабылетке ол жеке адамдардың еркінен тыс жинақталған мәдениет құндылықтары арқылы, оны атадан балаға мұра етіп қалдыру арқылы жеткен. Міне, сондықтан да ол адамға бағынбайтын қару бола тұра, әділ куәгердің де ролін атқара алады. Мысалы, Ресей тарихының айтуы бойынша, «Украина» сөзі ертедегі орыстың — оукраина — «шекаралық аудан», — «украй» — «с краю», «на берегу», «крайний» деген сөзінен шыққан көрінеді [1, 31].

Ал осы сөз күні бүгінге дейін дәл сол күйінде қолданылып келеді, қалыптасып кетті. Кенес дәуірі кезінде патшаны, хандарды, байлар мен шонжарларды қаншама жеккөрінішті етіп көрсетуге тырысканымен, тіл-тілде олардың өмір сүру стилін, сөйлеу машығын айшықтайтын сөздер қалып қойған. Мысалы, орыс тілінде «без царя в голове» — бұл, әрине, жақсы емес, «царский прием, царское угощение, царские подарки» — бұл жақсы мағынадағы айтылыстар ретінде халық санасында сақталған. Әлі күнге дейін келтірінді мағынада орайы келгенде ретіне қарай кез келген адам өз сөзінде пайдалана алады.

Қазақ тілінде де «хан сарайындай» — мұны жақсы мағынада айтса, «ондай-ондай ханның

қызында да болады» — деген тіркесті біреудің оғаш қылығын көргенде оны ренжітпей, көңілін көтеру үшін айтады. Ал «аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» — бұл мақалға айналған тіркесті қазіргі кейбір жағдайлары жақсы азаматтардың ерке балаларының өрескел қылықтарын көргенде айтады. Тіліміздегі «үйіңе хан-төре түсетін бе еді?» — деген айтылыстан халықтың ел билеген адамдарға деген сый-құрметі көрінеді. Бұл тіркесті де халық күні бүгінге дейін қолданады. Мұндай сөздерді түстерге қатысты да айтуға да болады. Ақ түс — қазақ халқында тазалықтың белгісі. Ақ түске қазақ халқы ерекше маңыз беріп, тіпті оны өте жақсы көрген деуге болады. Мысалы, «ақ шаңқан үй» — сыйлы қонаққа тігілетін үй, «ақ боз ат» — батырдың немесе ел ардағы азаматтың не сұлу қыздың мінетін аты. Ал ақтығы үшін аққуды да аса құрметтеп, оған «құс төресі» деген ат берген, «аққуды атуға болмайды деген» ұғым да осы ақ түске деген құрметтің заңды жалғасы болса керек. Міне, осы берілген мысалдар тілдің адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, сондай-ақ адамның өмір сүруі мен оның мәдениетінің қалыптасып дамуындағы жанды куәгер екендігінің айқын көрсеткіші болса керек.

Барлық халық бірімен-бірі кездескен кезде сөлемдесіп, айырылысар сәтте қоштасады. Бірақ әр халықтың қоштасуы мен амандасуын бейнелейтін сөздері де, одан шығатын мән-мағынасы да әр түрлі. Сол сөздер мен мағыналар арқылы олар өздерін жеке тұлғалар, өзіндік ерекшелігі бар халық ретінде көрсетеді. Мысалы ағылшындар кездесіп амандасқанда «Hi! Hello! How do you do?» — «как поживаете?» — десе, орыстар денсаулық тілеп, құрмет тұта отырып, архаизм формасында: «Здравствуйте!» яғни, «денсаулығыңыз болсын, соның арқасында жасай беріңіз!» деген мағынаны меңзеп амандасады. Қазақтар «амансыз ба? есенсіз бе?, сәлеметсіз бе?» деп денсаушылығын сұрай амандасады. Ал ертеректе «мал-жан аман ба?» деп бүкіл тыныс-тіршілігі малға телулі болғандықтан малды сұраудан бастап амандасу дәстүрі болған. Ер-азаматтар арасындағы «Асса-лаумағалейкум!» деген амандасу түрі «Сізге

алланың нұры жаусын!» деген мағынаны беретін көрінеді. Ал жауап ретіндегі «Әлейкумассалам!» «Сізге де алланың нұры жаусын!» деген мағынаны береді екен. Демек, адамдар біріне-бірі алладан нұр жауғанын тілей амандасады. Бұл қазақ халқының аллаға деген наным-сеніміне қоса, адамға да одан жақсылық болса екен деген ниеттен туындаса керек. Ал қоштасар сәтте француздар, испандықтар, ағылшындар өз сұхбаттасын құдайға тапсырады. Немістер, орыстар және қазақтар «lebewohl, досвидания, кездескенше, көріскенше!» деп қайта кездесуге деген сенім мен соны тағы қалайтынын ескертіп, аңғартып қоштасады. Жапондықтар тағдырға мойынұсынып, философиялық тұрғыда: «егер құдай осыны жазса, егер осылай болуға тиіс деп ұйғарса»... деген сияқты сөздермен қоштасады. Сондай-ақ қазақ халқында «аман бол!», «сау бол!» деп сұхбаттасының амандығын, саулығын тілейтін де қоштасу түрі бар. Ал егер қоштасу ұзаққа созылатын болса, не адам өмірден өтерін сезсе, мұндайда қазақтар — «Қош бол!, бақұл бол!, Жасаған қиянатым болса кеше гөр!» десе, өмірден өтіп бара жатқан адам: «Сендер де біліп-білмей жасаған күнөләрімді кешіріндер! Қош болындар!» деп арыздасады. Орыстар — «өзін кешіруді өтінеді!, немістер — «Жақсы кетуді тілейді, өзін кешіруді» тілейді, ағылшындар — «farewell, яғни жақсы кетуді» тілейді. Міне, осыдан-ақ адамдардың бір-біріне қарым-қатынасындағы, әлемді, өмірді сезініп-түсінуіндегі айырмашылықты көруге болады. Бұл жөнінде М.В.Ломоносов өзінің «Кратком руководстве к красноречию» атты еңбегінде: «Блаженство рода человеческого, коль много от слова зависит, всяк довольно усмотреть может», — деп жазған [2, 91].

Тарихи деректерге көз салсақ, қазақ халқының сөзге ұста, өз ойларын тайға таңба басқандай айқын, анық бере білетін шешен халық болғанын растайтын дәлелдер көп. Мысалы, қазақ даласын аралаған поляк саяхатшысы А. Янушкевич былай дейді: «Қазақтардың ойлау қабылеттерінің керемет екендігіне менің барған сайын көзім жетті. Сөзге дегенде ағып тұр. Әрбір қазақ өз шаруасын түбін түсіре түсіндіреді, ал қарсы жақтың сылтауын бет қаратпай табан астында жокқа шығарады. Тіпті балаларының ақылы да ерте толысады. Қазақтар өз ойын ашық айтпайды, көбінесе тұспалдап сөйлегенді жақсы көреді», — деп жазады [3, 26]. Қазақ халқының сөзге шешендігін растайтын бұдан да басқа толып жатқан

пікірлер бар. Ал, жалпы алғанда, қазақ сыпайы сөйлегенді ұнатады. Тұспалдап сөйлеу де сол тындаушысын ренжітіп алмаудан, оның көңіліне келетін ауыр сөзді жұмсартып айтуды мақсат еткеннен болса керек. Күнделікті тұрмыста да мағынасы бірдей екі сөйлемнің сыпайысын тандайды. Мысалы, театрда, көлікте, жалпы адам көп жиналған жерлерде өтіп кету үшін «Былай тұрыңызшы, мен өтіп кетейін!» деуге де, немесе «Мен өтіп кетсем деп едім, орныңыздан тұрмас па екенсіз?!» деуге де болады. Қазақ әдебі осының соңғысын тандайды. Себебі соңғысы адамды мәжбүрлемейді, оған тандау мүмкіндігін туғызады.

Қазақ тіліндегі сұхбаттасуды бірімен-бірі қатар жатқан, параллель бағыттағы сызықтарға салыстыруға болады. Ал еуропалықтардың тілдесуін біріне-бірі қарсы бағытталған перпендикуляр бағыттағы сызықтармен теңестіруге болады. Қатар келе жатқан екі адам алдарындағы көріністі бірдей көреді. Сондықтан айтушы сөзі аз болса да, ол өз тарапынан «мен» деп қайта-қайта айтпаса да, айтылмаған жайлар сұхбат барысындағы екеуінің көзқарастары бірдей, ортақ болғандықтан, ішкі ойлары мен жан дүниелері бірге тыныстап келе жатқандықтан, айтушының айтпай қалған сөздері тындаушы үшін оның ой көзі арқылы оп-оңай түсінікті болады.

Бұдан кейінгі қазақ сөйлеу әдебіне тән ерекшелік — оның қарапайымдылығы. Қазақ халқында өзінің жеке басы туралы, немесе істеген ісі туралы «Мен осындаймын, мен осыны жасадым және өте керемет етіп жасадым» деп айту — дарақылыққа, ақымақтыққа бағаланады. Ал кейбір халықтар үшін бұлай сөйлеу адамның өзін-өзі дұрыс бағалауы, интеллигентті түрдегі тілдесу әдебі болып есептеледі. Мысалы, орыс жазушысы Сергей Довлатов Америкада мынадай өзін таң қалдырған жағдайға тап болған. Оның шығармасын бір американдық аудармашы қыз аударған көрінеді. Аудармашы шығарманы жазушының қолына беріп тұрып: «Мне кажется, перевод хороший», — десе керек. Мұны естіген жазушы таң қалып, әуелі: «Я думал, что ослышался. Нет, именно так и сказала, «перевод хороший» То есть небрежно похвалила свою работу», — дейді. [4, 11]. Артынан сұрап білсе, мұндай жағдай Америкада қалыпты, әдеттегі, айтылуға тиіс дүние екен. Олар қарапайым сөйлеуді әдептілік белгісі деп санамайды. Керек десеніз олардың жұмысқа алу үшін толтыратын анкеталарында: «Сіз өзіңіздің

кәсіби шеберлігіңізді қалай бағалайсыз?» деген пункт бар көрінеді. Мұндай дүние қазақ халқы үшін жат. Бұлай сөйлеудің әдепсіздік көрінісі екендігін растайтын халық ауыз әдебиетінде ондаған мақал-мәтелдер, шешендік сөз үлгілері, аңыз әңгімелер бар. Мысалы: «Өзін-өзі мақтаған өліммен тең», «Өзім білем деген өрге баспас», «Білімсіздің білгені: «өзім толық білем дер», «өз ақылыммен жүрем дер», «Жақсымын деп мақтанба халық айтпай, батырмын деп мақтанба, барып қайтпай» дейді [5, 213].

Кез келген халықтың ұлттық мінез-құлқының қалыптасуы оның тарихымен ғана байланысты емес. Сол елде қалыптасқан өмір сүру мазмұнына да тәуелді. Бірде ұлттық мінез-құлық өмір сүру мазмұнына ықпал етсе, енді бірде өмір сүру мазмұны ұлттық мінез-құлыққа әсер етеді. Қазақ халқының ерте кезде төрт түлік малдың ынғайымен өмір сүру кезінде қалыптасқан бейғам, жайбасар өмірінің іздері бүгінгі асығыс, жанталасқан өмірде де байқалады. Мысалы, қазақ халқы уақытты тым еркін, кең пайдаланады. Бұл оның сөйлеу тілінен көрінеді. Қазақтар уақытты, қашықтықты дәл емес, жуықтап, шамалап көрсетеді, шамалап айтады: «Маған кешкі 8-дерде телефон шаларсыз (8-де емес); Ертең түсте 2-лер кезінде кездесеміз (2-де емес); Біздің үйге сенбі күні кешкі 6-лар шамасында келе беріңіз (6-да емес); Түн ортасы ауа қатты жаңбыр жауды; Таң ата көзім өрең ілінді; Емхана осыдан 50-60 метрдей жерде; Университет 3 шақырымдай жерді алып жатыр».

Қазақтар тек өзінің уақытымен ғана емес, басқаның уақытымен де осылай емін-еркін пайдалана береді. Кешігіп жүру, алған хатқа, телефон шалған адамға жауап бермеу, кейде уәдесін ұмытып кету қазақ халқында кездесіп тұратын жайт. Әрине, бұл жақсы емес және мұндай жайлар адамды ренжітеді де. Бұл мәселеде айтқанында тұратын немістер мен педант ағылшындардан үйрену керек-ақ. Мұны Алмания мен Америкада болып келген көптеген азаматтар сөздері растайды. Белгілі орыс суретшісі, мүсіншісі Эрнест Неизвестный өзінің Америкаға келгенде ондағы жаңа өзіне беймәлім өмірге көндіге алмағанын, көп жайдың тосын көрінгенін былай жазады: «Только приехав в Америку, я впервые ощутил, что время — деньги. Раньше я понимал эту фразу вульгарно. Америка научила меня ценить время, научила самодисциплине, собранности» (газеттен) [4, 19].

Қазақ тілінде сұхбаттасу мазмұнының ұлттық сипаты туралы жазғандарымызды қорыта келе айтарымыз — ұлттық стереотиптерден әртүрлі халықтың тұрмыстық танымындағы бірді-екілі басқа халықта байқалмайтын, тек сол халыққа ғана тән ерекшелікті бөліп алуға болатыны. Әлем халықтары арасында кең тараған, неге екені белгісіз, ағылшындардың ұстамдылығы, немістердің дәлдігі, жапондықтардың еңбексүйгіштігі, шотландықтардың үнемшілдігі кейде тіпті сарандығы дейтін қалыптасқан түсініктер бар. Бұлар әрбір этностың бойында кездесетін толып жатқан қасиеттердің ішіндегі ең көзге қатты шалынатын басымдыққа ие қасиеттері болса керек. Аталған қасиеттер сол халықты ұлт ретінде ерекшелейді. «Адамның қандай қасиеті ең жақсысы болса, ең жаман қасиеті де сол» деген сөз бар емес пе? Сол аталған қасиеттер басқалардың назарын аударып қана қоймай, кейде өзіне тәнті етіп, олардан үлгі алуға, үйренуге жетелесе, кейде дәл сол қасиеттің нашарлығына көзін жетсе, одан қашқақтауға тырысатынымызды да өмір көрсетіп келеді. Бұл айтылған қасиеттер шынайылықтан алшақтауы да мүмкін. Өз халқының мінез-құлқы, жалпы адамдық қасиеті, басқалардан ерекшелігі туралы сол ұлттың өз өкілдері айтқан деректер де жетерлік. Мысалы, Д.Голсуорси «Сage о Форсайтах» газетінде ағылшындар туралы: «выносливость, умение все принимать с улыбкой, крепкие нервы и отсутствие фантазии» — деп жазған екен [4, 7].

Біздің қазақ халқы туралы сонау ХУІІІ—ХІХ ғасырларда қазақ даласын аралаған саяхатшылардан бастап күні бүгінге дейінгі қазақ тарихын зерттеушілер бірауыздан оның дарқандығын, жомарттығын, қарапайымдылығын, адалдығын, сенгіштігін баса айтып көрсеткен [6, 7, 8, 9]. Бұл қасиеттер қазақ халқының бір-бірімен қарым-қатынас жасауынан да, сөйлеу тілінен де көрініс тапқан. Біздің халықтың бұл қасиеті басқалар үшін түсініксіз болуы да ықтимал. Алайда біз өзіміздің өмір сүру салтымызды мәңгі-бақи жалғастыра береміз. Олай болмаса қазақтың қазақ ретіндегі, ұлт ретіндегі ерекшелігі, өзгешелігі де болмас еді. Халық та өзінің қанына сіңген, бала жастан әдетіне айналған дүниемен айналыспаса, тұншыққандай күй кешер еді. Мысалы, қазақ қонаққа барғанда ет жемесе, өзін тамақ жедім деп есептемейді. Біздің айтқан жайларымыз — ғасырлар бойы жинақталған қасиеттер. Бірақ қазір әртүрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен тығыз

қарым-қатынасы, қоғамдағы жаңа әлеуметтік және жаңа саяси шарттар салдарынан өмірдің де, соған сәйкес адамдардың да жаңа әлеуметтік мінез-құлықтар мен жаңа тілдесу мәдениетін игеріп, меңгергендерін аңғару қиын емес. Бұл тұста бір ғана тілек, біз мұндайда тек нашар деген, өмір сүруге кедергі келтіретін қасиеттерімізден арылып, бірақ өзімізді қазақ ретінде ерекшелейтін қасиеттерімізден айырылып қалмасак жарар еді.

ӘДЕБИЕТ

1. Современные теории и методики обучения иностранным языкам / Сборник материалов

международной практической конференции. М., 2004. 318-б.

2. *Ломоносов М.В.* Краткое руководство к красноречию. М., 1952. Т.7.

3. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Алматы, 1992. 55-б.

4. *Белянко О.Е. Трушина Л.Б.* Русские с первого взгляда. М., 2003. С. 9.

5. Мақал-мәтелдер. Алматы, 1996. 460-б.

6. *Айталы А.* Ұлттану. Алматы, 2000, 221-б.

7. *Мағауин М.* Ұлтсыздану ұраны. Алматы, 2004. 126-б.

8. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі. Алматы, 1998. 312-б.

9. *Арын М.* Бес анық (Тәрбие туралы толғамдар). Алматы, 1996. 226-б.